

## **Жараспай ЖББМ**

### **Біртұтас тәрбие жұмысы аясында атқарылған жұмыстардың талдауы 2024–2025 оқу жылы**

#### **Кіріспе**

Біртұтас тәрбие бағдарламасы – оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған кешенді бағдарлама. 2024–2025 оқу жылында мектептегі тәрбие жұмыстары осы бағдарлама негізінде жүйелі ұйымдастырылды. Мақсат – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиенің барлық бағыттарын интеграциялау арқылы оқушының зияткерлік, рухани, патриоттық, әлеуметтік және мәдени дамуына жағдай жасау.

#### **Стратегиялық мақсаттар**

- Оқушылардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру;
- Жас ұрпақты елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
- Жасөспірімдердің құқықтық және ақпараттық сауаттылығын арттыру;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Экологиялық мәдениетті дамыту;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Медиа және цифрлық мәдениетті қалыптастыру.

#### **Жұмыстың негізгі бағыттары мен жетістіктері**

##### **1. Рухани-адамгершілік тәрбие**

Оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында «Адалдық сағаттары», «Жақсылық жаса» акциялары, өзін-өзі тану сабағымен интеграцияланған жобалар өткізілді. «Адал ұрпақ» клубы белсенді жұмыс атқарды.

##### **2. Азаматтық-патриоттық тәрбие**

Жас буынды Отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Қамқор» жобасы ұйымдастырылды. Жеңіс күні, Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоғары деңгейде өтті. Жалғызбасты ата-әжелерімізге көмек көрсетілді.

##### **3. Ұлттық тәрбие**

«Ұшқыр ой» жобасы аясында «Наурыз мейрамы», «Тілдер апталығы» сияқты ұлттық дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін іс-шаралар өткізіліп, оқушылардың ұлттық сана-сезімі арта түсті.

#### **4. Еңбек және экономикалық тәрбие**

«Еңбегі адал жас өрең» жобасы аясында «Мамандықтар әлемі» апталығы, мектеп ауласын көгалдандыру, сенбіліктер және еңбекке баулу сабақтары арқылы оқушылардың еңбекке деген сүйіспеншілігі артты.

#### **5. Экологиялық тәрбие**

«Жасыл клуб» жобасы аясында оқушылар табиғатты қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстарға тартылды.

#### **6. Зияткерлік тәрбие**

«Оқуға құштар мектеп» жобасы арқылы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы артты. Пәндік апталықтар, олимпиадалар мен зияткерлік ойындар ұйымдастырылды.

#### **7. Көпмәдениетті және эстетикалық тәрбие**

Оқушылар «Шабыт» жобасы аясында эстетикалық талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамытты.

#### **8. Салауатты өмір салты және дене тәрбиесі**

«Денсаулық күні», спорттық жарыстар, зиянды әдеттердің алдын алу бағытында дәрістер мен тренингтер өтті.

#### **9. Ақпараттық мәдениет және медиа тәрбие**

Цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында «Интернет қауіпсіздігі», «Медиа мәдениет» апталықтары өткізілді. Мектеп сайттары мен әлеуметтік желілерде оқушылар белсенділік көрсетті.

#### **Қорытынды**

Біртұтас тәрбие жұмысының нәтижесінде оқушылардың бойында жауапкершілік, адамгершілік, елжандылық қасиеттері қалыптасып, мектеп пен ата-ана, қоғам арасындағы байланыс нығайды. Келесі оқу жылында тәрбиелік жұмыстар заманауи тәсілдермен, инновациялық технологиялармен үйлестіріле отырып жалғасын табады.

Тәрбие ісінің орынбасары: Шәріп М.Қ.